

2025. 12 (4)

# Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2025  
© Авторлар ұжымы, 2025



#### БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

#### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Әлімбаев Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

**Көксебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

**Сабурова Татьяна** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

#### ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

#### ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

#### ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Копеева Сания Жуматайқызы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025  
© Коллектив авторов, 2025

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2025  
© Group of authors, 2025

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Azimqulov Javohir** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

**Kriege Viktor** — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Ohayon Isabelle** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

**Outram Alan** — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Saburova Tatiana** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan  
Asian Journal “Steppe Panorama”  
Has been issued as a journal since 2014  
ISSN 2710-3994.  
Vol. 12. Is. 4, pp. 974-987, 2025  
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2025\\_12\\_4\\_974-987](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_4_974-987)

**THE FATE OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN SOUTHERN KAZAKHSTAN  
IN THE 1920 AND 1930: AN ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DATA**

*Aitimbaev Askat*<sup>1\*</sup>, *Sandybayeva Akmaral*<sup>2</sup>

<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University named Khoja Ahmed Yasawi  
(29, Bekzat Sattarkhanov Aven., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)  
PhD Doctoral student  
E-mail: [a.aytimbaev@ayu.edu.kz](mailto:a.aytimbaev@ayu.edu.kz)  
\*Correspondent author

<sup>2</sup>International University of Tourism and Hospitality  
(14B, Rabiga Sultan Begim Str., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences  
 <https://orcid.org/0000-0003-1244-3610>. E-mail: [a.sandybaeva@iuth.edu.kz](mailto:a.sandybaeva@iuth.edu.kz)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025  
© Aitimbaev A., Sandybayeva A., 2025

**Abstract.** *Introduction.* The article reveals the history of political repression in the territory of South Kazakhstan region from the 1920s to the 1930s, their course and consequences. Based on fundamental works and archival documents, the volume of political repressions in the territory of South Kazakhstan region, individual memories and accusations against persecuted citizens are studied. This, in turn, will expand the existing understanding of the policy of repression carried out in the South Kazakhstan region and on the scale of the republic. The analysis of new archival documents, first introduced into scientific circulation during the study, increases the value of the work. Relevance. Fundamental works and conducted research work ignore the fate of victims of political repression in the territory of South Kazakhstan region. Based on specific historical data, the fate of persecuted citizens, determining the number of charges brought against them and measures of persecution are very important. The goal of the study is to study the fate of victims of political repression carried out in the territory of the South Kazakhstan region in the 1920–1930s based on fundamental works and archival data and to identify the consequences of political repression. Objectives: to reveal the features of the repressive policy in the territory of the South Kazakhstan region; to determine the fate of repressed persons based on archival documents and scientific works, to show the role of political repressions carried out in the territory of the South Kazakhstan region in the process of changing the social structure and public consciousness. Material and methods. In the course of the article, a number of fundamental works were used, along with the conducted research work, documents of the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, state archives of the Turkestan region for 1920–1930, investigative cases, court decisions and eyewitness accounts of the incident. In the course of the article, the methods of historical-comparative and documentary analysis, quantitative analysis were used. Results. Based on historical data and research, individual examples of individuals who were subjected to political repression in the territory of the South Kazakhstan



region, information about their fate and charges were given. *Conclusion.* Studying the history of political repression in the 1920s and 1930s at the regional level is essential for restoring historical reality and establishing principles of justice. The results of the study can become the scientific basis for the rehabilitation process of victims of repression.

**Keywords:** Political repression, South Kazakhstan, archival data, collectivization, confiscation, USSR, totalitarian system

**For citation:** Aitimbaev A., Sandybayeva A. The fate of victims of political repression in Southern Kazakhstan in the 1920 and 1930 an analysis based on archival data // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 4. Pp. 974–987. (In Kaz.).

DOI: 10.51943/2710-3994\_2025\_12\_4\_974-987

## 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Айтимбаев Асқат Тореханович<sup>1\*</sup>, Сандыбаева Акмарал Дауровна<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(29-үй, Бекзат Саттарханов даңғ., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)


PhD докторант

E-mail: [a.aytimbaev@ayu.edu.kz](mailto:a.aytimbaev@ayu.edu.kz)

\*Автор-корреспондент

<sup>2</sup>Халықаралық туризм және меймандостық университеті  
(14В-үй, Рабия Бегім көш., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

 <https://orcid.org/0000-0003-1244-3610>. E-mail: [a.sandybaeva@iuth.edu.kz](mailto:a.sandybaeva@iuth.edu.kz)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д., 2025

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада 1920–1930-жылдарда аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін тарихы, оның барысы мен салдары айқындалады. Іргелі еңбектер мен архив құжаттарының негізінде Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін шараларының көлемі, жекелеген естеліктер мен қуғындалған азаматтарға тағылған айыптар зерттелді. Бұл өз кезегінде Оңтүстік Қазақстан өңірінде және республика көлемінде жүргізілген қуғын-сүргін саясаты туралы қалыптасқан көзқарасты кеңейте түседі. Зерттеу барысында алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген жаңа архив құжаттарына талдау жұмыстың құндылығын арттырады. *Өзектілігі.* Іргелі еңбектер мен жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарында Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдыры назардан тыс қалады. Нақты тарихи деректер негізінде қуғынға ұшыраған азаматтардың тағдыры, оларға тағылған айыптар мен қуғындау шараларының көлемін анықтау ісі өте маңызды. *Зерттеудің мақсаты* – 1920–1930 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында жүзеге асқан саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдырын іргелі еңбектер мен архив деректері негізінде зерделеу және саяси қуғын-сүргін шараларының зардаптарын анықтау. *Міндеттері:* Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы репрессиялық саясаттың ерекшеліктерін ашу; архив құжаттары мен ғылыми еңбектер негізінде қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың тағдырын анықтау, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында жүргізілген саяси қуғын-сүргіннің әлеуметтік құрылым мен қоғамдық сананы өзгерту үдерісіндегі рөлін көрсету. *Материалдар мен әдістер.* Мақала барысында бірқатар іргелі еңбектер, жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, ҚР Орталық мемлекеттік архиві, Түркістан облыстық мемлекеттік архивтерінің 1920–1930 жылдарға қатысты құжаттары, тергеу істері, сот шешімдері және оқиға куәгерлерінің естеліктері пайдаланылды. Мақала барысында тарихи-салыстырмалы және құжаттық талдау, сандық әдістері

қолданылды. *Нәтижелер.* Тарихи деректер мен зерттеу жұмыстары негізінде Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың жекелеген мысалдары, олардың тағдыры мен тағылған айыптары туралы мәліметтер келтіріліп, ғылыми тұрғыдан талданды. *Қорытынды.* 1920–1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тарихын өңірлік деңгейде зерделеу – тарихи шындықты қалпына келтіру және әділеттілік принциптерін орнықтыру үшін аса маңызды. Зерттеу нәтижелері қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесіне ғылыми негіз бола алады.

**Түйін сөздер:** Саяси қуғын-сүргін, Оңтүстік Қазақстан, архив деректері, ұжымдастыру, тәркілеу, КСРО, тоталитарлық жүйе

**Дәйексөз үшін:** Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д. 1920–1930 жылдардағы Оңтүстік Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдыры: архив деректері негізіндегі талдау // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 4. 974–987 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2025\_12\_4\_974-987

## СУДЬБЫ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-е ГОДЫ: АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДАННЫХ


*Айтимбаев Асқат Тореханович<sup>1</sup>, Сандыбаева Акмарал Даировна<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (д. 29, просп. Бекзат Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)  
PhD докторант

E-mail: [a.aytimbaev@ayu.edu.kz](mailto:a.aytimbaev@ayu.edu.kz)

\*Автор-корреспондент

<sup>2</sup>Международный университет туризма и гостеприимства (д. 14В, ул. Рабия Бегим, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)  
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

 <https://orcid.org/0000-0003-1244-3610>. E-mail: [a.sandybaeva@iuth.edu.kz](mailto:a.sandybaeva@iuth.edu.kz)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д., 2025

**Аннотация.** *Введение.* В статье комплексно исследуется формирование и функционирование системы политических репрессий 1920–1930-х годов на основе региональных материалов. Это, в свою очередь, расширяет сложившиеся представления о репрессиях и реабилитации в Южном Казахстане и в масштабах всей республики. Анализ архивных документов, впервые введенных в научный оборот, повышает научную ценность исследования. Реабилитация жертв политических репрессий и изучение их судьбы напрямую связаны с процессом восстановления исторической справедливости в современном казахстанском обществе. Актуальность темы обусловлена необходимостью полного и объективного освещения истории политических репрессий. *Цель исследования* – на основе архивных данных проанализировать механизм политических репрессий, осуществленных в Южном Казахстане в 1920–1930-е годы, и определить их социально-политические последствия. Задачи исследования – раскрыть особенности репрессивной политики советской власти в регионе; обосновать документально судьбы лиц, подвергшихся репрессиям, на основе архивных источников; показать роль политических репрессий в трансформации социальной структуры и общественного сознания. *Методы и материалы исследования.* В исследовании использованы материалы по политическим репрессиям фондов Центрального Государственного архива РК, архивов Туркестанской области, включая документы 1920–1930-х годов, следственные дела, судебные приговоры и свидетельства очевидцев. Применялись историко-сравнительный и документальный методы, а также количественный и биографический подходы. *Результаты.* На основе архивных данных были установлены

конкретные случаи репрессий в Туркестанском районе и прилегающих территориях, подтверждающие факты незаконных преследований сотен человек. *Выводы.* Изучение истории политических репрессий 1920–1930-х годов на региональном уровне имеет важное значение для восстановления исторической правды и утверждения принципов справедливости. Результаты исследования могут послужить научной основой для дальнейшего процесса реабилитации жертв репрессий.

**Ключевые слова:** Политические репрессии, Южный Казахстан, архивные документы, коллективизация, конфискация, СССР, тоталитарная система

**Для цитирования:** Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д. Судьбы жертв политических репрессий в Южном Казахстане в 1920–1930-е годы: анализ на основе архивных данных // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 4. С. 974–987. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994\_2025\_12\_4\_974-987

### Кіріспе

1920–1930 жылдар аралығындағы саяси қуғын-сүргін тарихы Отан тарихының өзекті мәселелері қатарына жатады. Коммунистік идеология үстемдік құрып тұрған жылдары аталған тақырып көлемінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мүмкін болмады. Тек еліміздің егемендікке қол жеткізуі нәтижесінде Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы, оның барысы мен салдары туралы ғылыми ізденістер басталды. Тақырып көлемінде іргелі еңбектер жарық көріп, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Дегенмен Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тақырыбы көлемінде әлі де болса зерттеуді талап ететін мәселелер бар. Әсіресе жекелеген аймақтардағы саяси қуғын сүргін үдерісінің барысы мен салдарына қатысты белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілгені дұрыс. Мұндай жекелеген аймақтардың бірі – Оңтүстік Қазақстан облысы болып табылады.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін жылдары барлық аймақтар сынды Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында да азаматтарды қудалау, еңбекпен түзету лагерлеріне тоғыту сынды шаралар белсенді жүргізілді. Қуғындау саясаты азаматтардың әлеуметтік тегіне қарамады. Қарапайым шаруалардан бастап, ел басқарған лауазымды тұлғаларға дейін қуғын-сүргінге ұшырады. Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтарының естеліктері мен архив құжаттарында, жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жарық көрген еңбектерде келтірілген мәліметтерді басшылыққа алатын болсақ, Оңтүстік Қазақстан аумағындағы саяси қуғын-сүргін барысы үркіту мен қорқытуға негізделді. Тағайындалған жазалар еш негізсіз болып жатты. Мұндай саясаттың әлеуметтік салдары өте ауыр болды. Салық тапсыру науқанындағы қателіктері, бай-қулақтарды тап ретінде жою барысындағы қате берілген мәліметтер, саяси көзқарастарының мемлекеттік тәртіппен ұштаспауы, отбасын аштықтан сақтап қалу үшін алынған аздаған астық үшін азаматтар қуғындалып, жер аударылды, еңбекпен түзету лагерлеріне айдалды. Тіпті ату жазасына да кесіліп отырды. Нәтижесінде дәстүрлі қазақ қоғамы, шаруашылық істерін ұйымдастыру, отбасылық құндылықтар ісіне түбегейлі өзгерістер енгізілді. Осы аталған мәселелердің барлығы да кешенді зерттеуді талап етеді.

### Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының архивтік қорларындағы құжаттар кеңінен қолданылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві: 708-қор – Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің құжаттары; 141-қор – БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің материалдары.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА) 5-қоры, Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің (ТОМА) 816, 895, 898 қорлары, және Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихы мемлекеттік архивінің (ТОҚСТА) 29 және 40-қорларындағы құжаттар пайдаланылды. Аталған дереккөздер кешені Қазақ КСР аумағында жүргізілген репрессивтік саясаттың кезеңдерін талдауға мүмкіндік беріп, автор ұсынған ғылыми тұжырымдарды нақтылы фактілермен дәлелдеуге жол ашты. Бұл құжаттық

материалдар зерттеу нысанына қатысты тарихи үдерістерді жан-жақты көрсетуге септігін тигізді.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін тарихи құжаттарды талдау, тарихи-салыстырмалы, сандық әдістер құрайды.

Құжаттық талдау – зерттеу Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві, Түркістан облысының мемлекеттік архиві, Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архиві қорларындағы құжаттарға сүйене отырып жүргізілді.

Тарихи-салыстырмалы әдіс – 1920–1930 жылдар аралығындағы қуғын-сүргін саясатындағы оңтүстік аймақта жүргізілген үдерісін айқындауға мүмкіндік берді.

Сандық әдіс – архивтік мәліметтер негізінде қуғынға ұшыраған адамдардың нақты саны мен құрамын талдауға арналды.

### Талқылау

1980-жылдардың екінші жартысынан бастап академик М.Қ. Қозыбаев 30–40-жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын анықтау және оларды ақтау жолында жалпы мемлекеттік маңызы бар көлемді де жүйелі жұмыстар жүргізді. Бұл бағыттағы алғашқы әрі іргелі жұмыстардың бірі ретінде академик М. Қозыбаевтың жетекшілігімен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнография институты ұжымы дайындаған «Қазақстан тарихы: ақтандақтар» атты мақалалар жинағын атап өтуге болады (История Казахстана, 1991)

1990 жылдардың басы мен ортасында қазақстандық зерттеушілердің жаңа еңбектері жарық көріп, сталинизм мен тоталитарлық жүйе жағдайындағы қуғын-сүргін мәселесінің әртүрлі аспектілері ашып көрсетілген. Атап айтқанда, М. Қозыбаевтың (Қозыбаев, 1992). К. Нұрпейісовтің (Нұрпейісов, 1995) еңбектерін атауға болады. Кеңестік саясаттың ұжымдастыру науқаны кезінде билікке қарсы шыққандарға қатысты жүргізілген жазалау шараларының қатыгездігі, қуғын-сүргін механизмнің жүзеге асу жолдары нақты тарихи деректер негізінде М. Қозыбаев, Ж. Абылхожин, К. Алдажуманов еңбегінде ашып көрсетілген (Қозыбаев и др, 1992). Сонымен қатар, 1920–1930 жылдардағы қуғын-сүргін В. Осиповтың (Осипов, 1991), Т. Омарбековтың (Омарбеков, 1994) зерттеулерінде қуғын-сүргін тарихының әртүрлі аспектілері жан-жақты қарастырылған.

Осы кезеңде жарық көрген тағы бір маңызды еңбек – «Қазақстан тарихы: көне заманнан бүгінге дейін» атты оқулық (Қазақстан тарихы, 1993). Бұл ұжымдық зерттеуде ХХ ғасырдың 20–50 жылдарындағы саяси оқиғаларға жаңаша, сыни көзқарас тұрғысынан баға берілген. Әсіресе, социалистік жүйені құрудағы теріс құбылыстары, индустрияландыру, ұжымдастырудың зардаптары, 1931–1933 жылдардағы ашаршылық, сондай-ақ сол кезеңдегі саяси қуғын-сүргіннің себептері мен салдары кеңінен қарастырылады.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша Г.А. Жумасұлтанова (Жумасұлтанова, 1999), А.Н. Қалханова (Қалханова, 2010), Мұсағалиева А.С. (Мұсағалиева, 2010), Ж.Ж. Кумганбаев (Кумганбаев, 2014) және басқа да авторлардың диссертациялық жұмыстарында бұл тақырыптың кейбір аспектілері ішінара қарастырылғаны байқалады. Бұл еңбектерде саяси репрессиялардың жекелеген аспектілері мен тарихи алғышарттары талданады.

Шетелдік зерттеушілер де Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің кеңестік жүйе аясында қалай жүзеге асқанын көрсетеді. Роберт Конквест өзінің «*Үлкен террор*» атты еңбегінде әскери оқу орындары мен партиялық мекемелердің өзінде репрессия жаппай сипат алғанын атап өтеді. Оның жазуынша, «тыңдаушыларды тұтас топпен ұстап әкету қалыпты жағдайға айналды. Қызметтік мінездемелерде «халық жауларымен күреске белсенді араласуы» міндетті тармаққа айналды» деген пікір білдіреді (Конквест, 1991:195–196.).

Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы қуғын-сүргін тарихы кешенді түрде С.У. Бақторазовтың еңбегінде қарастырылады. Зерттеуші мәселені 1917–1939 жылдар аралығындағы хронологиялық шеңберде қарастырған (Бақторазов, 2007). Сонымен қатар мәселеге қатысты Б.К. Қалшабаеваның «Өзбекстандағы қазақтардың саяси қуғын-сүргінге ұшырауының тарихи аспектілері (XX ғ. 30-жылдары)» атты ғылыми-зерттеу жұмысының да өзіндік маңызы бар. Зерттеу жұмысының бір ерекшелігі – мәселенің Өзбекстан аумағындағы



тарихын ашуға бағытталуында. Дегенмен Өзбекстан аумағындағы этникалық қазақтарды қуғын-сүргінге ұшырату тарихын Оңтүстік Қазақстан облысымен байланыстыра отырып қарастырудың маңыздылығын атап өтеміз (Қалшабаева, 2021).

Оңтүстік Қазақстан облысындағы қуғын-сүргін тарихын айқындап, оның көлемін анықтауға Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия жұмысының материалдарының да өзіндік маңызы бар. Архив құжаттары мен естеліктер негізінде жарық көрген жинақта қуғын-сүргін жылдары, оқиға куәгерлерінің естеліктері топтастырылған. Біздің қарастырып отырған мәселе де, яғни Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты мәліметтер сақталған (Мемлекеттік комиссияның..., 2023). Қарастырып отырған мәселеге қатысты нақты мәліметтер беретін және деректік маңызы жоғары жинақтардың бірін Х. Тұрсұн құрастырған. «Түркістан облысындағы саяси қуғын-сүргіннің естеліктері» деп аталатын еңбекте оқиға куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктері топтастырылған. Біз өз кезегімізде аталған еңбекте келтірілген мәліметтерді басшылыққа ала отырып, өзіндік тұжырым жасау барысында қолдана алдық (Түркістан, 2023).

Мәселеге жанама мәліметтер беретін В.П. Осиповтың «Всматриваясь в 20–30-е годы» атты еңбегі де жарық көрген. Автор өз еңбегінде қарастырып отырған жылдардағы республиканың даму деңгейі, қоғамдық өміріне қатысты мәліметтер беріп, баға беруге тырысады. Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргіндерге түрткі болған шешім, қаулылардың тарихы мен олардың мәніне қатысты мәліметтер жан-жақты ашылған (Осипов, 1991).

Зерттеу тақырыбына тікелей қатысы бар нақты еңбектер қатарында саяси қуғын-сүргін тарихына арналған республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылған баяндамалар, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен пікірлерді атауға болады. Дегенмен, бұл жұмыстардың көпшілігі жекелеген мәселерді ғана қамтиды. Оңтүстік Қазақстан аумағындағы қуғын-сүргіннің бүкіл тарихи табиғатын, себеп-салдарын, құрылымдық ерекшеліктерін толықтай ашып көрсете алмайды. Сондықтан аталған тақырыпты жүйелі түрде, кешенді зерттеу қажеттілігі күн тәртібінде өзекті болып отыр.

### **Зерттеу нәтижелері**

Қазақстанның оңтүстік өңірінде орын алған қуғын-сүргін оқиғалары ел тарихының ажырамас бір бөлігін құрайды. Тоталитарлық жүйенің қуғын-сүргін саясаты өңір халқының әлеуметтік, саяси және мәдени дамуына теріс әсерін тигізді. Репрессия құрбандарының қатарында елдің дамуына айрықша үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәдениет пен ғылым саласының өкілдері де болды.

Мысалы, 1914 жылы туған Баймурзаев Абен 1933 жылдың 16 маусымында, 1932 жылғы 7 тамыздағы заңға сәйкес, “саудагер ретінде мемлекеттің шайын заңсыз сатты” деген айыппен ату жазасына кесілген (ТОМА. 217-қ., 1-т., 10 б., 111-іс).

Түркістан ауданында 16-учаскесінде 1930 жылғы 25–30 қаңтар күндері аралығында мақта дайындау жоспарын орындамағаны үшін 16 адам сотқа тартылып, оның 10-ы үш жылға, біреуі үш жылдан астам мерзімге сотталса, төртеуі ауыр жұмыстарға жегілген. Сонымен қатар, 11 шаруашылық тәркіленіп, иелері ауданнан жер аударылған (ТОМА. 816-қ., 1-т., 59-іс, 55-п.). 17-учаскесінің халық соты шешімі бойынша, осы мерзім аралығында 5 күнде 23 азамат айыпталып, 19 адам 3 жылға дейін бас бостандығынан айырылып, 2 адам басқа ауданға жер аудырылып, 2 жылға сотталды. Сонымен қатар, 12 бай-кулак деп танылған шаруалардың мал-мүлігі тәркіленді.

Астық жинау науқандары көбіне күшпен және жоғарыдан берілген нұсқаулармен жүргізілді. БК(б)П ОК тарапынан жергілікті партия ұйымдарына өнім тапсырмағандарды қатаң жазалау, сондай-ақ ауқатты шаруалардан астықты зорлықпен алу жөнінде нақты нұсқаулар берілген. 1929 жылдың 1 тамыз – 15 қазан күндер аралығында Түркістан ауданында жоспарды орындамағаны үшін аудандық милиция бөлімінің басшысы қылмыстық жауапкершілікке тартылып, ісі сотқа жолданған (ТОМА 897-қ., 1-т., 87-іс, 171–175-бб.).

1930 жылы салық тапсыру науқаны кезінде Түркістан ауданында 23 азамат сотталған, 6 адам өзге өңірлерге жер аударылған (ТОҚСТА. 29-қ., 1-т., 713-іс, 24-п.). Демек Оңтүстік Қазақстан аумағындағы салық тапсыру науқаны үркіту мен қорқыту әдістеріне негізделгенін байқауға болады. Бұл жайт шаруашылық істерін жүргізуде қиындық көріп отырған шаруалар үшін жағымсыз болғаны шындық. Сонымен қатар Кеңестік билік кезеңінде республикадағы азық-түлік тапшылығына қарамастан, астық пен мал дайындау жоспарлары үздіксіз жүргізіліп отырғандығының дәлелі. Салық тапсыру науқаны салдарынан қуғындалған адамдармен қатар, азаматтарды саяси себептермен де қуғындау тәжірибесі енгізіле бастады. Қуғындау саясаты салдарынан азаматтар өздерінің тұрғылықты жерінен тыс жерлерге жер аударылып, арнайы лагерьлерге жөнелтілді. Алайда архивтерде олардың нақты қай лагерьлерге жіберілгені жөнінде толыққанды мәліметтердің жоқтығы зерттеушілер үшін елеулі қиындықтар туындатып отыр.

Мәселен, Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің №819 қорындағы деректерге сүйенсек, Ташқазак уезінен 60-қа жуық азамат түрлі айыптармен тұтқындалып, абақтыға жабылған. Бұл істерде аталған тұлғалардың отбасылары және жерленген орындары Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің №819 жөнінде деректер кездеспейді. Сонымен қатар, Шымкент, Жамбыл (Тараз), Қызылорда қалаларында орналасқан қамау мекемелері туралы мәліметтер де архив құжаттарында орын алған (ТОМА. 819-қ., 1-т., 13-іс, п.38).

1930-жылдары Кеңестік қылмыстық заңнамада РСФСР Қылмыстық кодексінің 59-бабы кеңнен қолданылды. Бұл «Мемлекеттік басқару тәртібіне қарсы қылмыстар» бап бойынша қарастырылып, түрлі қызметтік және шаруашылық қылмыстарды қамтыды. Атап айтқанда, 59-баптың жекелеген тармақтарында – 59-3 озбырлық (өз бетінше әрекет ету), 59-4 – Кеңес үкіметі органдарының немесе лауазымды тұлғалардың заңды бұйрықтары мен талаптарына қасақана бағынбау – «мемлекеттік тәртіпке қарсы әрекет ретінде» қарастырылып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды, 59-6 – қызмет бабын асыра пайдалану, 59-7 мемлекет мүлкін иемдену немесе ысырап ету (колхоз мүлкін «ұрлау» деп тану), 59-10 – кеңес үкіметне қарсы үгіт-насихат іс-әрекеттер үшін жаза көзделген.

Бұл баптар негізінде көптеген қарапайым азаматтар, соның ішінде колхозшылар, мұғалімдер, дәрігерлер және ауыл белсенділері әртүрлі жалған айыптармен ұзақ мерзімге сотталды. Мәселен, 59-7 бабы бойынша колхозшы аз мөлшерде астық алғаны үшін ұрлық ретінде 10 жылға дейін мерзімге еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілді.

59-бап көбінесе 58-баппен (контрреволюциялық қылмыстар) бірге қолданылып, 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террор» кезеңінде жаппай қуғын-сүргіннің құқықтық негіздерінің бірі болды.

59-4 бап кеңестік билік органдарының бұйрықтары мен шешімдеріне қасақана бағынбаған азаматтарды жазалауға арналған. Бұл бап әсіресе 1930-жылдардағы ұжымдастыру және салық жинау науқандары кезінде жиі қолданылды. Халықтың кеңестік саясатқа қарсы ішкі наразылығы, мысалы, еңбек міндетін орындаудан бас тарту немесе жергілікті билікке мойынсынбау, 59-4 бап бойынша мемлекеттік тәртіпке қарсы қылмыс ретінде бағаланды. Мысалы Оңтүстік Қазақстан бойынша бірқатар азаматтар мемлекеттік тәртіп, жалпы КСРО-ға қарсы әрекет жасалды деген күдікпен қуғынға ұшырады. Түркістан облысы Мемлекеттік архивінің «Түркістан ауданының II учаскелік халық соты» 895-ші қорында сақталған құжаттарда бірнеше азаматтардың сот істері осы баптар бойынша оларды бас бостандығынан айыру көзделеді. 1938 жылы сот шешімінің 59-ЗРКФСР ҚК 59-4 бабы бойынша: Досижанов Исхақ, Шалкиев Садуахан, Серікбаев, Стынчиев; 59-3 бабы бойынша: Филлюшкин Михаил Филипович, Беляев Сергей Петрович, Демин Иван Никитович, Атарбаев Абдраим, Вдовкин Алексей Петрович, Кабилбеков Сат, Горовой Иван Прокофьевич, Оспанов Ибраим азаматтар сотқа тартылды. Аталған бап КСРО-ға қарсы шетелдік агенттермен байланысқа түсу дегенді білдіреді (ТОМА. 895-қ., 1-т., 13-іс, п.38).

1930-жылдардың басында КСРО-да ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастырумен қатар, ет, мал, астық дайындау науқандарын қатаң бақылауға алып, бұл салалардағы «жоспардың орындалмауы» саяси және қылмыстық сипаттағы айыптауларға ұласа бастады.

Мұның нақты мысалын Түркістан қалалық кеңесінің 1931 жылғы мәжіліс хаттамаларынан көруге болады. (ҚР ОМА. 5-қор., 12-тізбе, 279-іс, 3-п.) Мәселен, № 39 хаттама 10 қараша 1931 жылы. Мал дайындау жоспарының 4-тоқсанда тек 23 % ғана орындалғаны тіркеледі. Қалалық кеңес өкілдері мұны «қылмыстық дәрежеде» деп бағалап, жергілікті колхоздар мен махалля комитеттерін (махальком) басшыларын «жауапсыздықпен қарап отыр» деп кінәлайді. Осы жылдары Орта Азия жерінде дәстүрлі территориялық қауымастықты басқару органдары ретінде махалля комитеттері құрылған болатын. Құжатта Ташлақ, Иқан, Жаңа қала, Ескі қала, Кедей, Ерназар, Тоған колхоздарының басшылары мен махальком төрағаларына қатаң сөгіс жариялау, сондай-ақ жоспарды бір тәуліктің ішінде орындау міндеті қойылады. Орындалмаған жағдайда оларды сотқа тарту, бес еселік айыппұл салу секілді жазалау шараларын қолдану тапсырылған. Араға он күн салып, 1931 жылы 21 қарашадағы № 42 хаттамада бұл талаптардың орындалмағаны анық көрсетіледі. Онда Қызылорда, Иқан, Қарсақлы махалькомдарының төрағалары Дүйсенбай Достияров, Иса Оразымбетов, Тәжібай Бизақов «мал дайындау жоспарын қасақана орындамағаны үшін» сотқа тартуға шешім қабылданған. Олардың істерін жүргізу тапсырылып, саяси қысымды күшейту мақсат етілген.

1920–1930 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін және тәркілеу науқандары Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі мыңдаған отбасының тағдырын күрт өзгертіп, олардың өміріне орны толмас қайғы-қасірет әкелді. Бұл кезеңнің салдарларын тек ресми архив құжаттары арқылы ғана емес, сонымен қатар қуғын-сүргінге ұшыраған жандардың ұрпақтарының естеліктері арқылы да жан-жақты зерделеудің маңызы зор. Себебі мұндай естеліктерде ресми деректерде қамтылмаған немесе үзік-үзік күйінде қалған оқиғалардың маңызды аспектілері көрініс табады. Мысалы, Сайрам ауданының тұрғыны Тортай Төребек Асқарбекұлының естелігі 1928 жылғы тәркілеу науқанының жергілікті денгейдегі нақты көрінісін сипаттайды (Түркістан облысындағы саяси қуғын-сүргіннің естеліктері, 2023: 8). Тіленшіұлы Темірбек орта шаруа, Арыс ауданының «Қызыл сай» елді мекенінде қыстап, Қостұра жайлауына көшіп жүрген. Бай-кулактарды тап ретінде жою саясатына сай, туыстары Тұрабай мен Жыңғылбаймен бірге шолақ белсенділердің көрсетуі негізінде мал-мүлкі тәркіленіп, Магаданға жер аударылады. Сол жерден олар қайтып оралмаған. Темірбек атаның артында бес ұлы мен бір қызын құшақтап қалған жалғыз қалған жары Зейнеп әжеміз қалған. Отбасы мүшелері жоқшылық пен жетімдіктің азабын тартып ақыры 1931 жылы Өзбекстанға ауа көшуге мәжбүр болған. Бұл тек бір отбасының ғана емес, қуғын-сүргінге ұшыраған мыңдаған қазақ отбасыларының ортақ трагедиясын айқын бейнелейді. Ұзақ жылдар өткен соң ғана 1988 жылы Темірбектің ұлы Тортай Темірбек Жоғары Соттың шешімімен әкесінің ақталғаны туралы аңқытама алып, тарихи әділеттіліктің қалпына келуіне куә болды (Түркістан облысындағы саяси қуғын-сүргіннің естеліктері, 2023: 8). Осындай жеке естеліктер архив құжаттарында толық қамтылмаған мәселелерді нақтылай түсіп, тарих ғылымы үшін маңызды дерек көзі қызметін атқарады. Сондықтан жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыраған отбасылардың бүгінгі ұрпақтарымен жүздесіп, олардың ауызша мәліметтерін тіркеп алуы арқылы кеңестік зұлматтың нақты көріністері шынайы әрі терең мазмұнда баяндалады. Осындай естеліктер жаппай саяси қуғын-сүргінді халық жадысында сақтау ісінде ғана емес, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мен ғылыми пайымдаулар жасау үшін де ерекше мәнге ие.

Архивтік құжаттар жергілікті басқару органдарының мал дайындау сияқты шаруашылық міндеттерді орындау барысын қатты саясиландырып, жоспардың орындалмауын мемлекеттік мүддеге қарсы әрекет ретінде бағалағанын көрсетеді. Шаруашылық саладағы бұзушылықтар үшін жазалаудың әкімшілік немесе тәртіптік сипатынан тыс шығып, қылмыстық, тіпті саяси қуғын-сүргін денгейіне ұласуы 1930-жылдардағы репрессиялық саясаттың жүйелік сипатқа ие болғанын дәлелдейді. Бұл құжаттар Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі қарапайым басшылар мен еңбек адамдарының да кеңестік жүйенің жоспарлы қысымына қарсы тұру мүмкіндігінен айырылғанын, жаппай жазалау механизміне қалай тартылғанын нақты архив дерегі негізінде көрсетеді. Мысалы, біз жоғарыда келтірген 1930 жылы салық тапсыру науқаны кезінде Түркістан ауданында сотталып, жер аударылған азаматтардың ісі соның дәлелі (ТОҚСТА. 29-қ., 1-т., 713-іс, 24-п.)

Сот істерінің материалдары қуғын-сүргіннің себептері, айыптаулардың мазмұны мен үкімдердің негізсіздігі осы істер арқылы айқын көрінеді. Репрессияланғандар тізімдері жазалау науқандарының нақты ауқымын көрсетеді, ірбір адамның аты-жөні, әлеуметтік мәртебесі, тұратын жері мен тұтқындалу мерзімі көрсетілген.

1930 жыллары бай-кулак өкілдері мен орта шаруаларға қатысты қуғын-сүргін үдерісі тек кәмпескелеу және жер аударумен шектелмей, саяси айып тағы арқылы да жүзеге асты. Бұл жағдай Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі көптеген азаматтардың тағдырына әсер етті. «Атабай ауылы, Түркістан ауданының тұрғыны, ҚазақКСР азаматы, 1900 жылы туылған, Абдурахман Батырбековке тағылған айып – оның бай кулактың ұлы болып, саудамен айналасуы еді. 1931 жылы ұжымдастыру кезінде оның нұсқауымен шекараға жақын жерлерде қазақтарды көшіру мақсатында Өзбекстанның Кенимех ауданынан шекаралас аудандарға қоныс аударуды ұйымдастырған. Мал шаруашылығымен айналысатын фермаларды орта шаруалармен көбейтіп, совхоздарда диверсиялық жұмыстар жүргізді. ӨзКСР қылмыстық кодексінің 60, 67 тармақтары бойынша А. Батырбековті 1937 жылы 14 тамызда он жылға еңбекпен түзеу лагеріне қамалады (Қалшабаева, 2021).

1937 жылғы қарашада Кеңестік билік органдары тарапынан «антикеңестік элементтерге» қарсы репрессиялық шараларды күшейту мақсатында арнайы нұсқаулар берілді. Бұл жөнінде 1937 жылғы 19 қарашада өткен ҚК(б)П Орталық Комитеті Бюросының №26 хаттамасында Мәскеудегі БК(б)П ОК шешіміне сәйкес, республиканың бірқатар облыстары бойынша қосымша репрессияланатын адамдардың саны белгіленген. Салыстырмалы түрде алғанда Оңтүстік Қазақстаннан бөлек, Алматы облысы бойынша I категория бойынша – 300 адам, II категория – 500 адам; Шығыс Қазақстан облысы бойынша I категория – 400 адам, II категория – 350 адам белгіленген. Ал Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша I категория бойынша – 150 адам, II категория – 300 адам белгіленеді. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қудалануға белгіленген адамдар саны Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарынан кем болған. Бұл дерек Қазақстан аумағында жаппай саяси қуғын-сүргіннің орталықтандырылған түрде жоспарланып, арнайы сандық квоталармен жүзеге асқанын көрсетеді. Осы санаттарға енген тұлғалар негізінен «антикеңестік элементтер» ретінде айыпталып, I категория бойынша – ең қауіпті дұшпандар ретінде ату жазасына, ал II категория бойынша – белсенділігі сіл төмен еңбекпен түзеу лагерьлеріне (ИТЛ) жіберілген. Мұндай бұйырықтар мен квота жүйесі, әсіресе 1937–1938 жылдардағы «Үлкен террор» кезінде мыңдаған жазықсыз азаматтардың тағдырын қиған саяси науқанның ауқымын нақты сипаттайды (ҚР ПА. 708-қ., 1-тізбе, 1-іс, 21-п).

1936 жылы орталықтан барлық партия ұйымдарына жіберілген жабық хатында «қырағылық мәселесі мен дұшпанды тани білуде» жіберілген кемшіліктерді жою өте қатал түрде талап етілді. Қазақ өлкелік комитетінің бюросы өз комитетінің бюросы өз партия ұйымдарын және әсіресе жетекші кадрларды ерекше қырағылық танытуға және дұшпанды тануда «мейлі ол жақсы қызметкермін десе де, мейлі өзін партияның белсенді және шын берілген мүшесі ретінде көрсетуге әрекеттенсе де – қателеспеуге міндеттеді (Бақторазов, 2007: 100). Осы жағдай Қазақстанда, оның ішінде Оңтүстік өңірлерде де қайталанды. Партия-кеңес қызметкерлері мен жергілікті элита өкілдері орталықтың үлгісімен «сенімсіз» кадр ретінде қарастырылып, көпшілігі жалған доностар мен әлсіз айыптаулар негізінде қуғындалды. Бұл қуғын-сүргін тек орталықпен шектелмей, перифериялық аймақтарда да жүйелі сипат алды.

Түркістан облыстық мемлекеттік архивіндегі (ТОМА) құжаттарда саяси қуғын-сүргіннің әйелдері мен балалар тағдырына да тікелей әсер еткендігі туралы да мәліметтер кездеседі. Мәселен, Бадам болысының 24-ауылының тұрғыны, екі жас баланың анасы Сартаева Марияның жазған өтініш хаты назар аударуға болады. Сартаева М. Күйеуі Е. Күзембаев бай деп танылып, оның бүкіл мал-мүлігі тәркіленуге, ал отбасын жер аударуға үкім шығады. Азаматша Сартаева М. Сырдария облыстық прокурорына жолдаған хатында: «Бұрыңғы күйеуім Күзембаев Ережептің қандай қылмыс жасағанын мүлде білмесем де, мен қылмыскердің жұбайы болғым келмейді және онымен бірге жазықсыз жаза тартуға ниетім



жоқ. Сондықтан мен онымен арадағы барлық байланысты және отбасылық өмірді біржола үзіп, АХАЖ бөлімінен ресми түрде ажырасуға шешім қабылдадым», – деп жазады (ТОМА. 816-к., 1-т., 13-іс, 38-п.). Бұл құжаттан сол кезеңдегі әйелдердің репрессияға ұшыраған ер азаматтармен байланысы үшін «жұбайы ретінде жазықсыз жапа шегу қауіпінен қорқып, отбасынан мәжбүрлі түрде бас тартуға мәжбүр болғанын көреміз.

Бұл жағдайлар саяси қуғын-сүргіннің бір ғана жеке адаммен шектелмей, оның бүкіл отбасы мүшелеріне, әсіресе әйелдер мен балаларға ауыр зардабын тигізгенін көрсетеді.

1930-жылдары Қазақстанда кеңестік саяси қуғын-сүргін саясаттың шарықтау шегіне жеткен кезеңі болды. Бұл уақыт аралығында мыңдаған адам «халық жауы», «антикеңесілік әрекетке қатысы бар» деген жалған айыптармен жауапқа тартылды. Осындай саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірі – Түркістан облысының тұрғыны Сарыбаев Ибрагим болды. Сарыбаев Ибрагим, ұлты өзбек, 33 жаста, отбасында 5 баласы бар. Архив деректерінде сақталған Сарыбаев Ибрагимнің 1933 жылы жазылған өтініші – сол дәуірдегі заңсыз айыптау, қылмыс құрамы жоқ істер бойынша соттау тәжірибесінің нақты көрінісі. Бұл құжатта ол 1932 жылғы 1 желтоқсанда Түркістан қаласындағы халық соты тарапынан жеті жылға еңбекпен түзеу лагеріне (контракциялық лагерь) жіберілгенін айтып, істің қайта қаралуын сұрайды (ТОМА. 898-к., 2-т., 109-іс, 33-34 пп.). Айыптаудың негізі – 1932 жылғы тамыздағы заңға сәйкес, «жергілікті сауданы заңсыз жүргізу» әрекеті болған.

Сарыбаев өз жазбасында өзінің кінәсіздігін бірнеше дәлелмен негіздейді. Біріншіден, ол денсаулығына байланысты ауыр еңбекке жарамсыз екенін айтып, сол себепті тек шағын кәсіппен – үй жағдайында нан пісіріп сатқанын түсіндіреді. Бұл кәсіпті заңды түрде жүзеге асыру үшін 12 рубльге патент алғанын, өнім көлемі бір-екі пұттан аспағынын, ал тапқан табысы отбасының күнкөрісіне ғана жеткенін көрсетеді. Ол 1932 жылы маусым айында бұл кәсіпті тоқтатқанын және салық органдарына патентті қайтарып бергенін айтады. Тергеу барысында ешқандай дәлел табылмағанын, тіпті пәтеріне тінту жүргізілсе де, заңға қайшы әрекет дәлелденбегенін көрсетеді. Сонымен қатар, Ибрагим өзінің кассациялық шағымының ескерілмей қалуына байланысты Жоғары Сот инстанциясына жүгінеді. Ол кассациялық отырысында кеткен процессуалдық бұзушылықтарды да атап өтеді. Мысалы, бір судья бір күнде үш істі қараған, бұл істің формалды түрде ғана қаралғанын мензейді. Бұл дерек Сарбаевтың ісінде қылмыстық құрамның болмағанын, ал оның жауапқа тартылуы – кеңестік әкімшілік-репрессиялық жүйенің заңға сәйкестіктен бұрын идеологиялық саясатына сүйенгенін көрсетеді. Сарыбаев Ибрагимнің басынан өткен бұл іс – кеңестік кезеңдегі бай, кулактарға, жеке кәсіп иелеріне және өз күнін өзі көруге тырысқан қарапайым азаматтарға қарсы жүргізілген саяси қудалау науқаның айқын мысалы. Ол – қылмыс құрамы жоқ әрекет үшін айыпталып, социалистік экономикаға жат әрекет ретінде қарастырылған ұсақ кәсіпкерліктің кеңестік идеологияға сәйкес келмейтіндігінен зардап шеккен жандардың бірі. Сол жылдары «әлеуметтік қауіпті элемент» айыбымен жазаланған азамат Сарыбаевтың тағдыры мыңдаған қарапайым азаматтардың тағдырына ұқсас.

Кеңестік жүйе жүзеге асырған репрессиялық шаралар қоғамның барлық әлеуметтік топтарын қамтып, мыңдаған жазықсыз азаматтардың өмірін күрт өзгертті. Архив құжаттары – тергеу хаттамалары, сот үкімдері, айыптау қорытындылаы мен репрессияланғандар тізімдері – сол кезеңнің шынайы бейнесін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Архивтік деректер – тарихи шындықтың ашық дәлелі.

1933 жылы Қызылорда аудандық партия комитетінің Бюро мәжілісінде қабылданған құжатта Оңтүстік Қазақстанда сталиндік репрессиялар мен әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің ауылшаруашылық секторына, қоғамдық саяси өмірге және жекелеген тұлғалардың тағдырына тікелей әсерін жан-жақты сипаттайды (ТОҚСТА. 40-к., 1-т., 320-іс, 1-6 пп.). Партия шешімдеріне сыни пікір айтқан тұлғалар немесе астық пен ет дайындау жоспарын орындамаған басшылар қудалауға ұшыраған. Аудан прокуроры Утешев колхоздық нанды қорғауға байланысты ұстанымы партияға қарсы көзқарас ретінде бағаланған. Утешев № 16 ауыл кеңесіне ресми түрде жолдаған нұсқауында «колхоз нанын ұрлаған ұсақ ұрыларға (0,5 пұтқа дейін) қатысты репрессиялық шараларды тоқтатуды ұсынған. Бюро бұл әрекетті

«тап жауларына – кулактар мен байларға тікелей қолдау көрсету ретінде қарастырып, оларды социалистік меншікті бұзу жолындағы қарсы әрекеттерге барды» деп сипаттаған.

Сонымен қатар, Бюро құрамындағы Казангапов пен прокурор Утешев қолдаған «саналы» және «санасыз» ұрыларға тәрбиелік шаралармен ғана шектеліп ықпал ету керек деген тұжырым теория ретінде сынға ұшырады. Бұл көзқарас кеңестік таптық күрес идеологиясына қайшы саналып, тап жауларының мүлкін иеленуді заңдастыруға итермелейтін, кулактарды ақтайтын бағыт ретінде бағаланады. Аталған ұстанымдар аудандық партия ұйымының қоғамдағы таптық қырағылықты әлсіретуіне және бай мен кедей арасындағы алшақтықты жою әрекеттеріне қарсы қатаң күрес жүргізу саясатына қайшы деп танылды. Солай Утешев қызметтен қуылып, ісі партиялық бақылауға тапсырылады.

1920–1930 – жылдары жүргізілген саяси қуғын-сүргін науқаны Оңтүстік Қазақстанда да кең ауқымда жүріп, көптеген жазықсыз адамдарды құрбан етті. Астық дайындау барысында көптеген адамдар сотталып, жауапқа тартылды. Архив құжаттарындағы бір істерінде ұлты поляк Юлий Болиславович Новицкий туралы деректер сол уақыттағы жағдайды нақты суреттейді.

Ю.Новицкий 1887 жылы туылған, поляк, жоғары білімді, 1917 жылы Уақытша үкімет тұсында Шымкент қаласының қалалық басқармасының басшысы болған. Кеңестік билік орнағаннан кейін ол құқық саласында жұмысын жалғастырып, халыққа заңгерлік кеңес беруімен айналысқан. 1929 жылы бір қатар архивтік құжаттар негізінде Новицкийге қатысты іс қозғалып, ол «байларға жақтасы ретінде көмек көрсетті, астық дайындау жоспарына қарсы үгіт жүргізді деп айыпталған (ТОМА. 816-қ., 1-т., 92-іс, 2-4 пп.).

Айыптау қорытындысында Новицкий ауыл тұрғындарына астыртын заңгерлік көмек көрсетіп жүріп, Қаратас ауданындағы 4-ші ауыл байлар мен бұрынғы ауыл басқарушылары – Есемкулов, Джумартов, Рустемов, Бахтыбаевқа көмек көрсетіп, оларды мемлекетке астық тапсырудан құтқарудан жолдарын ұсынған, халықтан жасырын арыз жинауды ұйымдастырған және бұл әрекеттерінің астық жоспарының 85 % орындалмауына дейін алып келген деп көрсетіледі. Соңында ауылдың бай өкілдері жауапқа тартылып, әртүрлі мерзімге сотталады. Новицкийдің әрекеті тергеуге алынып, Қылмыстық кодекстің 58–10 бабы негізінде айып тағылды. Осы іс Сырдария округтік сотына беріліп, Новицкий саяси астары бар қылмыспен айыпталады. Сотта Ю.Новицкий өз кінәсін мойындамаған. Бұл ахив құжаттары Кеңес үкіметі саяси репрессияны дәлелсіз себептермен құдалағанын нақты әрекеті болғанын дәлелдейді.

Оңтүстік Қазақстанда кеңестік билік орнағаннан кейін жүргізілген социалистік қайта құрулар аясында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, тап күресі сияқты саясаттар кең ауқымды саяси қуғын-сүргінге алып келді. Әсіресе бай, ауқатты шаруалар негізсіз түрде қуғынға ұшырады. Архив материалдарында Түлкібас ауданының тұрғыны Ирискулбеков есімді азаматтың ісі сақталған. Онда көрсетілгендей, оның үйінде тәркілеу кезінде қымбат кілем мен күміс белдік табылған (ТОМА. 816-қ., 1-т., 13-іс. 50-п.). Кеңестік өкімет мұндай тұрмыстық заттарды «артық байлық», «тап жауының белгілері» деп танып, Ирискулбековті бай-кулак ретінде айыптап, жазаға тартқан. Бұл факт тап күресі мен тәркілеу науқандарының шынайы бай мен орта шаруаның, тіпті кейбір жағдайда қарапайым адамдардың да арасында еш айырмашылық жасамай жүргізілгенін көрсетеді. Бұл жағдай кеңестік репрессиялық жүйенің материалдық жағдайы ғана негізге алып, әлеуметтік тапты анықтауда субъективті әрі саяси ұстанымдарға сүйенгендігін аңғартады. Ирискулбеков сияқты мыңдаған азаматтар бағалы мүлікке ие болғаны үшін ғана «тап жауы» ретінде қуғындалып, еріксіз қудалауға ұшырады.

1920–1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің құрбандарының бірі – Ж. Арстановтың өмір жолы кеңестік репрессивтік жүйесін айқын бейнелейді. Архивтік деректерге сүйенсек, Ж. Арстанов 1934 жылы Қазкрайком мен КОКП(б) Орталық Комитетінің шешімімен Чимкентке (Шымкентке) жіберіліп, сол жерде Оңтүстік Қазақстан қой шаруашылығы тресінің саяси инспекторы қызметін атқарған. Бұл кезең – аймақтық шаруашылық құрылымдарды кеңестендіру және орталыққа бағындырудың белсенді жүріп жатқан уақыты еді.

Оның осындай жауапты қызметке тағайындалуы оның саяси сенімді кадр ретінде бағаланғанын көрсетеді.

Алайда көп ұзамай кеңестік тоталитарлық жүйенің кез келген кадрды «сенімсіз» ретінде қарастыруы Ж. Арстановтың да тағдырына кері әсерін тигізді. Ол 1938 жылдың 11 тамызында КСРО ІХК (НКВД) ҚазКСР басқармасының тарапынан тұтқындалып, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 7 және 11-тармақтары бойынша айыпталды. Бұл баптар көбіне «контрреволюциялық әрекет», «зиянкестік» немесе «партия мен кеңес үкіметіне қарсы үгіт» секілді жалпылама, дәлелсіз айыптаулармен байланысты болған.

1940 жылы 26 қазандағы НКВД жанындағы Ерекше Кеңестің шешімімен Ж. Арстанов 8 жылға еңбекпен түзеу лагеріне (ИТЛ) сотталып қуғындалады. Сот үкімі нақты дәлелдерге емес, негізінен жалған доностар мен қолдан жасалған айғақтарға сүйенген. Ол 1946 жылы жазасын толық өтеп шықты. Бұл жағдай сол кезеңдегі көптеген жазықсыз адамдардың тағдырымен ұқсас: саяси репрессиялар азаматтарды қоғамнан оқшаулап, олардың өмір жолын үзіп, отбасы мен ұрпақтарының болашағына теріс әсерін тигізген.

Тек 1954 жылы 5 қарашада КСРО Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі Сот алқасының № 81/45 С-54 шешімімен Ж. Арстановтың ісі қайта қаралып, айыптаулар дәлелсіз деп танылып, қылмыстық іс қысқартылды. Бұл ақтау процесі сталиндік репрессия құрбандарын қайта қарастыру мен тарихи әділеттілікті орнатудың алғашқы кезеңдерінің бірі болды (Архив ДНБК РК по г. Алматы Ф. 6. Д. 03743.Т. 1. ЛЛ. 400–402)

Ж. Арстановтың тағдыры – Оңтүстік Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірі ретінде сол дәуірдің жүйелі жазалау саясаты мен орталық биліктің қуғын-сүргін тетіктерін айғақтайтын нақты дерек. Оның өмірі арқылы кеңестік жазалаушы құрылымдардың қоғамның түрлі салаларында – ауыл шаруашылығынан бастап, партия-кеңес қызметіне дейінгі аралықта қалай жұмыс істегенін түсінуге болады.

### **Қорытынды**

Оңтүстік Қазақстан облысы саяси қуғын-сүргін жылдары едәуір жапа шеккен аймақтардың бірі деп қорытындылаймыз. Оған дәлел облыс аумағында қарастырып отырған жылдары азаматтардың саяси көзқарастары және әлеуметтік-экономикалық астары бар әрекеттерінің қатаң бақылауда болуы. Облыс аумағында азаматтар салық тапсыру науқаны барысы, партия тапсырмасы мен лауазымды тұлғалардың бұйрықтарына бағынбау, ұрлық сынды экономикалық астары бар әрекеттері үшін қудаланып отырды. Байқағанымыз Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы азаматтарға саяси қуғын-сүргін жылдары қылмыстық заңнаманың 59-бабы кеңнен қолданылған. Аталған бап мемлекеттік басқару тәртібіне қарсы қылмыстар ретінде қарастырылды. Ол тек шаруашылық істері ғана емес, қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. 59-баптың бірнеше тармақтары бойынша қылмыстық істер қозғалды. Қарапайым шаруа, жұмысшылармен қатар, мұғалым, дәрігерлер сынды қауым өкілдері де түрлі жалған айыптың құрбанына айналды. Тағайындалған жаза жасалған «қылмыстың» түріне сай келе бермеді. Аш жатқан балаларының бір реттік тамағы болатын астықты алғаны үшін 10 жылға сотталды.

Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында жүргізілген саяси қуғын-сүргін саясаты дәстүрлі қазақ қоғамының, отбасы институтының дағдарысқа түсуіне жағдай жасалды. Қуғын-сүргін шараларына көптеп ұшыраған ер-азаматтар екендігін ескерсек, балалардың әке тәрбиесінен тыс қалыптасу үдерісі жүрді. Ол коммунистік идеология мен большевиктік тәртіп сай келетін, соның шеңберінен аспайтын жаңа буынды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Саяси қуғын-сүргін саясатының мұндай рухани салдарынан бөлек, отбасылар өздерінің тірегі, асыраушысы болған адамдарынан айырылды. Бұл жайт адамдардың әлеуметтік ахуалдарының төмендеуіне алып келді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын саяси қуғын-сүргін құрбандары ұрпақтарының естеліктерін талдау шеңберінде ұйымдастырудың артықшылықтары көп. Мәселенің жан-жақты ашылуына түрткі болады. Бұл алдағы уақыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының тың бағыттарының біріне айналуы тиіс.

**Дереккөздер**

ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің архиві  
 ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві  
 ТОМА — Түркістан облысының мемлекеттік архиві  
 ТОҚСТА — Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архиві

**Sources**

АР РК — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan  
 CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan  
 Turkestan RSA — Turkestan regional state archive  
 Turkestan RSPHSA — Turkestan region state archive of socio-political history

**Әдебиеттер тізімі**

- Архив ДНБК РК по г. Алматы — *Архив ДНБК РК по г. Алматы*. Ф. 6. Д. 03743. Т. 1. Лл. 400–402. В кн.: Койгелдиев М.К., Полулях В.И., Тлеубаев Ш.Б. (сост.). Красный террор: из истории политических репрессий в Казахстане (Сборник документальных материалов 20–50-х годов XX века). Алматы: Алаш баспасы, 2013. 384 с. С. 26–43.
- Бақторазов, 2007 — *Бақторазов С.У.* Оңтүстік Қазақстан саяси қуғын-сүргін (репрессия) жылдарында (1917–1939). Тараз, 2007. 165 б.
- Жумасултанова, 1999 — *Жумасултанова Г.А.* Политические репрессии в Казахстане в условиях тоталитарного режима (20-е – 50-е гг. XX века). Дисс. ... канд. ист. наук. Караганда, 1999. 158 с.
- История Казахстана, 1991 — *История Казахстана: белые пятна*. Сборник статей. Алма-Ата: Казахстан, 1991. 348 с.
- Калханова, 2010 — *Калханова А.Н.* Становление государственной политической идеологии в Казахстане (1921–1925 гг.). Дисс. ... канд. ист. наук. Алматы, 2010. 145 с.
- Козыбаев, др., 1992 — *Козыбаев М., Абилхожин Ж., Алдажуманов К.* Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата, 1992. 35 с.
- Конквест, 1990 — *Конквест Р.* Большой террор. Кн. 1. Пер. с англ. Л. Владимирова. Рига: Ракстниекс, 1991. 416 с. С. 195–196.
- Кумганбаев, 2014 — *Кумганбаев Ж.Ж.* Ұлт зиялы қауымы өкілдерінің автономиялы мемлекет тәуелсіздігі жолындағы қызметі мен іс-әрекеті (1917–1939 жж.). Алматы, 2014. 187 б.
- Қазақстан тарихы, 1993 — *Қазақстан тарихы* көне заманнан бүгінге дейін. Очерк. Алматы: Дәуір, 1993. 416 б.
- Қалшабаева, 2021 — *Қалшабаева Б.К.* Өзбекстандағы қазақтардың саяси қуғын-сүргінге ұшырауының тарихи аспектілері (XX ғ. 30-жылдары). Bulletin of History. Al-Farabi Kazakh National University, 2021. № 2(101). С. 99–108.
- Козыбаев, 1992 — *Козыбаев М.* Ақтандақтар ақиқаты. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 272 б.
- Мемлекеттік комиссияның материалдары, 2023 — *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары: XX ғасырдың 20–50 жылдары*. Т. 34. Түркістан өңірінен ауа көшкендердің тағдыры: архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы. Құраст.: Х. Тұрсұн, А. Сандыбаева, З. Адилбекова, А. Қабыл, П. Оразхан. Астана: Литера-М, 2023. 328 б.
- Мұсағалиева, 2010 — *Мұсағалиева А.С.* Қазақстанның орталық және жергілікті мұрағаттар қорлары құжаттары саяси репрессиялар тарихының дерек көзі. Автореф. дисс. ... д-ра ист. наук. Астана, 2010. 47 б.
- Нұрпейсов, 1995 — *Нұрпейсов К.* Алаш хәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.
- Омарбеков, 1994 — *Омарбеков Т.* Зобалаң. Алматы, 1994. 272 с.
- Осипов, 1991 — *Осипов В.П.* Вспатриваясь в 20–30-е годы. Алма-Ата, 1991. 110 с.
- Түркістан облысындағы саяси қуғын-сүргіннің естеліктері, 2023 — *Түркістан облысындағы саяси қуғын-сүргіннің естеліктері*. Құрастырушылар тобының жетекшісі Х. Тұрсұн және т.б. Шымкент: Әлем баспасы, 2023. 239 б.

**References**

- Архив ДНБК РК по г. Алматы — *Архив ДНБК РК по г. Алматы*. Ф. 6. Д. 03743. Т. 1. Лл. 400–402. В кн.: Krasnyj terror: iz istorii politicheskikh repressij v Kazahstane [The Red Terror: from the history of political repression in Kazakhstan] / Sbornik dokumental'nyh materialov v 20–50-h godah XX veka / Sost. M. Kojgel'diev, V.I. Poluljah, Sh.B. Tleubaev. Almaty: Alash, 2013. 384 p. (In Russ.).
- Baktorazov, 2007 — *Baktorazov S.U.* Ontustik Kazakhstan sajasi kugyn-surgin (repressija) zhyldarynda (1917–1939) [South Kazakhstan during the years of political repression (1917–1939)]. Taraz, 2007. 165 p. (In Kaz.).
- Zhumasultanova, 1999 — *Zhumasultanova G.A.* Politicheskie represii v Kazahstane v uslovijah totalitarnogo rezhima (20–50-e gg. XX veka) [Political repression in Kazakhstan under the totalitarian regime (1920s–1950s)]. Dis. kand. ist. nauk. Karaganda, 1999. 158 p. (In Russ.).
- Istorija Kazahstana, 1991 — *Istorija Kazahstana: belye pjatna*. Sbornik statej [The history of Kazakhstan: white spots. Collection of articles]. Alma-Ata: Kazahstan, 1991. 348 p. (In Russ.).



- Kalhanova, 2010 — *Kalhanova A.N.* Stanovlenie gosudarstvennoj politicheskoy ideologii v Kazahstane (1921–1925 gg.) [Formation of the state political ideology in Kazakhstan (1921–1925)]. Dis. kand. ist. nauk. Almaty, 2010. 145 p. (In Russ.).
- Kozybaev i dr., 1992 — *Kozybaev M., Abilhozhin Zh., Aldazhumanov K.* Kollektivizacija v Kazahstane: tragedija krest'janstva [Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry]. Alma-Ata, 1992. 35 p. (In Russ.).
- Konkvest, 1991 — *Konkvest Robert.* Bol'shoj terror. Kniga I. [The Great Terror. Book I]. Perevod s angl. L. Vladimirova. Riga: Rakstnieks, 1991. 416 p. Pp. 195–196. (In Russ.).
- Kumganbaev, 2014 — *Kumganbaev Zh.Zh.* Ult zijaly kauymy okllderinin avtonomijaly memleket tauelsizdigi zholyndary kyzmeti men is-ereketi (1917–1939 zhzh.) [Activities of the national intelligentsia for the independence of the autonomous state (1917–1939)]. Almaty, 2014. 187 p. (In Kaz.).
- Kalshabaeva, 2021 — *Kalshabaeva B.K.* Ozbekstandagy kazaktardyn sajasi kugyn-surginge ushyrauynyn tarihi aspektileri (20 g. 30-zhyldary) [Historical aspects of the political repression of Kazakhs in Uzbekistan (1930s)] // Bulletin of History. Al-Farabi Kazakh National University. 2021. No. 2(101). Pp. 99–108. (In Kaz.).
- Kazakhstan tarihy, 1993 — *Kazakhstan tarihy* kone zamannan buginge dejin [History of Kazakhstan from ancient times to the present]. Oчерk. Almaty: Daur, 1993. 416 p. (In Kaz.).
- Kozybaev, 1992 — *Kozybaev M.* Aktandaktar akikaty. Oku kuraly [The truth of Aktandaks. Textbook]. Almaty: Kazak universiteti, 1992. 272 p. (In Kaz.).
- Musagalieva, 2010 — *Musagalieva A.S.* Kazakstannyn ortalyk zhəne zhergilikti muragattar korlary kuzhattary sajasi repressijalar tarihnyn derek kozi [Documents of central and local archival funds of Kazakhstan as sources on the history of political repressions]. Avtoref. dis. dokt. ist. nauk. Astana, 2010. 47 p. (In Kaz.).
- Memlekettik komissija materialdary, 2023 — Sajasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyq aqtau zhonindegi *Memlekettik komissija materialdary: 20 g. 20–50-zhyldary* [Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression: 1920s–1950s]. T. 34: Turkistan onirinen aua keshkenderdiň tardyry: arhivtik kuzhattar men estelikter zhinagy [The fate of migrants from the Turkestan region: collection of archival documents and memoirs] / Kurast.: H. Tursun, A. Sandybaeva, Z. Adilbekova, A. Kabył, P. Orazhan. Astana: Litera-M, 2023. 328 p. (In Kaz.).
- Nurpeisov, 1995 — *Nurpeisov K.* Alash hэм Alashorda [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek, 1995. 256 p. (In Kaz.).
- Osipov, 1991 — *Osipov V.P.* Vsmatrivajas' v 20–30-e gody [Peering into the 1920s–1930s]. Alma-Ata, 1991. 110 p. (In Russ.).
- Omarbekov, 1994 — *Omarbekov T.* Zobalan [Catastrophe]. Almaty, 1994. 272 p. (In Kaz.).
- Turkistan oblysyndagy sajasi kugyn-surginnin estelikteri, 2023 — *Turkistan oblysyndagy sajasi kugyn-surginnin estelikteri* [Memoirs of political repression in the Turkestan region] / Kurast. H. Tursun, t.b. Shymkent: Alem baspasy, 2023. 239 p. (In Kaz.).

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

**Мамытова С.Н.**

XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ЖАДЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БАТЫС ТАРИХНАМАСЫ.....934

**Сабитов Ж., Қаратаев Ә., Төлегенұлы Б.**

«МАНАС» ЖЫРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ.....946

### ТАРИХ

**Азретбергенова Э.Ж.**

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ КОНТЕКСТІНДЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....960

**Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д.**

1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ.....974

**Алпыспаева Г.А., Джумағалиева К.В., Жұман Г.**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1945–1990 ЖЖ.)...988

**Аубакирова Ж.С., Краснобаева Н.Л., Уалтаева А.С.**

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛА ХАЛҚЫ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРІ.....1007

**Қабылдинов З.Е., Бейсембаева А.Р.**

XVIII–XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ҚАЗІРГІ ЖАПОН ТАРИХНАМАСЫНДА.....1028

**Далаева Т.Т., Идрисова А.М.**

ВИЗУАЛДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕР ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЫНДА: ДӘСТҮРЛІ ИЛЛЮСТРАЦИЯДАН VR/AR РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУҒА ДЕЙІН.....1039

**Джампейсова Ж.М., Бижигитова Қ.С., Бекенжанова А.А.**

XIX ҒАСЫРДЫҢ 70–90 ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ӘКІМШІЛІК ШЕКАРАЛАРЫН ОРНАТУ ТӘЖІРИБЕСІ.....1056

**Капаева А.Т., Асанова С.А.**

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....1073

**Қасымова Д.Б., Тілеубаев Ш.Б., Абдрахманов Б.**

1950–1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ КСР-індегі ДІНИ ЖАҒДАЙДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....1089

**Қозыбаева М.М.**

ТЫҢ ИГЕРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ (1950–1960 ЖЖ.) СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....1109

**Махметова Н.А., Аубакирова Ж.С., Марғұлан А.С.**

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАСҚА ӨҢІРЛЕРІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....1130

**Мұқанова Г.Қ., Сәдуақасова З.Т.**

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ИШАНДАРЫ ТУРАЛЫ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ (XIX–XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ).....1149

**Сауырқан Е., Қайыпбаева А.Т.**

1930 ЖЫЛДАРЫ ШЫҢЖАҢНАН КӨШКЕН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕСІ.....1163

**Сисенбаева А.А., Қалыбекова М.Ч.**

ЖЕКЕ ІС – ШТУТТГОФ КОНЦЛАГЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ (А. БЕЛОЗАРОВТЫҢ ЖЕКЕ ІСІ МЫСАЛЫНДА).....1177

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

**Ақымбек Е.Ш., Кембаева А.К.**

ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЫНЫ ӨНДІРІСІ ТУРАЛЫ: ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ШЫНЫЛАРЫНЫҢ РЕНТГЕН-СПЕКТРЛІК МИКРОТАЛДАУЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....1190

**Бейсегүлова А., Ашимова С., Картаева Т.**

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИЕТ МҰРАНЫҢ «ТАБИҒАТ ПЕН ДҮНИЕГЕ ҚАТЫСТЫ БІЛІМДЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР» ТИПІН САҚТАУДЫҢ АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....1202

**Сапатаев С.Ә., Куралова З.С.**

ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОРЫМДАРДА АТПЕН ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРІ.....1221

**Сахи Ж., Қаржаубаева А.**

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ.....1235

## СОДЕРЖАНИЕ

## ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

<b>Мамытова С.Н.</b> ЗАПАДНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ О МАССОВОМ ГОЛОДЕ В КАЗАХСТАНЕ В 30-Е ГГ. XX ВЕКА.....	934
<b>Сабитов Ж., Каратаев А., Толегенулы Б.</b> ПРЕДСТАВИТЕЛИ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН В ЭПОСЕ «МАНАС».....	946

## ИСТОРИЯ

<b>Азретбергенова Э.Ж.</b> ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ В КОНТЕКСТЕ ОПЫТА КАЗАХСТАНА И ТУРЦИИ.....	960
<b>Айтимбаев А.Т., Сандыбаева А.Д.</b> СУДЬБЫ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-е ГОДЫ: АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДАННЫХ.....	974
<b>Алпыспаева Г.А., Джумагалиева К.В., Жуман Г.Ж.</b> ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТА УПОЛНОМОЧЕННЫХ ПО РЕЛИГИИ В КАЗАХСТАНЕ (1945–1990 ГГ.).....	988
<b>Аубакирова Ж.С., Краснобаева Н.Л., Уалтаева А.С.</b> ГОРОДСКОЕ НАСЕЛЕНИЕ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В РЕГИОНАЛЬНОМ РАЗРЕЗЕ: ОСОБЕННОСТИ, ПОТЕНЦИАЛ И РИСКИ.....	1007
<b>Кабульдинов З.Е., Бейсембаева А.Р.</b> ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА XVIII – НАЧАЛА XX ВЕКА В СОВРЕМЕННОЙ ЯПОНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	1028
<b>Далаева Т.Т., Идрисова А.М.</b> ВИЗУАЛЬНЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ В ФОКУСЕ ИССЛЕДОВАНИЙ: ОТ ТРАДИЦИОННОЙ ИЛЛЮСТРАЦИИ К VR/AR РЕПРЕЗЕНТАЦИИ.....	1039
<b>Джампиесова Ж.М., Бижигитова К.С., Бекенжанова А.А.</b> ПРАКТИКИ УСТАНОВЛЕНИЯ РОССИЙСКИХ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ГРАНИЦ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В 70–90-е ГОДЫ XIX ВЕКА.....	1056
<b>Капаева А.Т., Асанова С.А.</b> ОСОБЕННОСТИ СОЦИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ В КАЗАХСТАНЕ В 20–30-Е ГОДЫ XX В.....	1073
<b>Касымова Д.Б., Глеубаев Ш.Б., Абдрахманов Б.</b> НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РЕЛИГИОЗНОЙ СИТУАЦИИ В КАЗАХСКОЙ ССР В 1950–1980е ГОДЫ.....	1089
<b>Козыбаева М.М.</b> ПОВСЕДНЕВНОСТЬ И ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ЖИЗНИ СПЕЦПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИНЫ (1950–1960-Е ГГ.).....	1109
<b>Махметова Н.А., Аубакирова Ж.С., Маргулан А.С.</b> ОСОБЕННОСТИ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В СРАВНЕНИИ С ДРУГИМИ РЕГИОНАМИ РЕСПУБЛИКИ.....	1130
<b>Муканова Г.К., Садвокасова З.Т.</b> ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЗНАНИЯ ОБ ИШАНАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (XIX – НАЧАЛО XX ВВ.).....	1149
<b>Сауыркан Е., Каипбаева А.Т.</b> КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ ИЗ СИНЬЦЗЯНА В 1930-Х ГОДАХ И СОЦИАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ.....	1163
<b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч.</b> ЛИЧНОЕ ДЕЛО – КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ВОЕННОПЛЕННЫХ КАЗАХСТАНЦЕВ КОНЦЛАГЕРЯ ШТУТТГОФ (НА ПРИМЕРЕ ЛИЧНОГО ДЕЛА А. БЕЛОЗАРОВА).....	1177

## ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Акымбек Е.Ш., Кембаева А.К.</b> О СТЕКЛОДЕЛИИ В СРЕДНЕВЕКОВОМ КАЗАХСТАНЕ: РЕЗУЛЬТАТЫ РЕНТГЕНСПЕКТРАЛЬНОГО МИКРОАНАЛИЗА СТЕКЛА ИЗ ЮЖНОГО И ЮГО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	1190
<b>Бейсегулова А., Ашимова С., Картаева Т.</b> РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ СОХРАНЕНИЯ ВИДА НЕМАТЕРИАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ «ЗНАНИЯ И ОБЫЧАИ, СВЯЗАННЫЕ С ПРИРОДОЙ И ВСЕЛЕННОЙ» В АБАЙСКОМ ОБЛАСТИ.....	1202
<b>Сапатаев С.А., Куралова З.С.</b> ТРАДИЦИЯ ЗАХОРОНЕНИЯ ЛОШАДЕЙ В МОГИЛЬНИКАХ КАЗАХСТАНА РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА.....	1221
<b>Сахи Ж., Каржаубаева А.</b> РОЛЬ ИСТОРИЧЕСКИХ ЖИЛЫХ ДОМОВ ГОРОДА АЛМАТЫ В СОХРАНЕНИИ ГОРОДСКОЙ КУЛЬТУРНОЙ СРЕДЫ.....	1235

## CONTENTS

## HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

<b>Mamytova S.N.</b> WESTERN HISTORIOGRAPHY IN THE FORMATION OF HISTORICAL MEMORY OF THE MASS FAMINE IN KAZAKHSTAN IN THE 30S OF THE XXTH CENTURY .....	934
<b>Sabitov Zh., Karatayev A., Tolegenuly B.</b> REPRESENTATIVES OF KAZAKH TRIBES IN THE EPIC “MANAS” .....	946

## HISTORY

<b>Azretbergenova E.Zh.</b> FORMATION OF NATIONAL IDENTITY AND CURRENT ISSUES OF NATIONAL HISTORY IN THE CONTEXT OF THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTAN AND TURKEY .....	960
<b>Aitimbaev A., Sandybayeva A.</b> THE FATE OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE 1920 AND 1930: AN ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DATA .....	974
<b>Alpyspaeva G., Dzhumagaliyeva K., Zhuman G.</b> ACTIVITIES OF THE INSTITUTE OF COMMISSIONERS FOR RELIGION IN KAZAKHSTAN (1945–1990).....	988
<b>Aubakirova Zh.S., Krasnobaeva N.L. Ualtayeva A.S</b> URBAN POPULATION OF EAST KAZAKHSTAN: FEATURES, POTENTIAL AND RISKS .....	1007
<b>Kabuldinov Z.E., Beisembayeva A.R.</b> HISTORY OF KAZAKHSTAN IN THE XVIII – EARLY XX CENTURIES IN CONTEMPORARY JAPANESE HISTORIOGRAPHY .....	1028
<b>Dalayeva T.T., Idrissova A.M.</b> VISUAL HISTORICAL SOURCES IN FOCUS OF RESEARCH: FROM TRADITIONAL ILLUSTRATION TO VR/AR REPRESENTATION .....	1039
<b>Jampeissova Zh., Bizhigitova K., Bekenzhanova A.</b> PRACTICE OF ESTABLISHING RUSSIAN ADMINISTRATIVE BORDERS IN THE KAZAKH STEPPE IN THE 70–90S OF THE XIX CENTURY .....	1056
<b>Kapayeva A.T., Asanova S.A.</b> FEATURES OF SOCIAL POLICY IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S XX CENTURY .....	1073
<b>Kassymova D.B., Tleubayev Sh.B., Abdrakhmanov B.</b> SOME ASPECTS OF RELIGIOUS SITUATION IN THE KAZAKH SSR IN 1950–1980s .....	1089
<b>Kozybayeva M.M.</b> EVERYDAY LIFE AND LEGAL ASPECTS OF THE LIVES OF SPECIAL SETTLERS IN NORTHERN KAZAKHSTAN DURING THE PERIOD OF VIRGIN LAND DEVELOPMENT (1950–1960S).....	1109
<b>Makhmetova N.A., Aubakirova Zh.S., Margulan A.S.</b> FEATURES OF ETHNO-DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF EASTERN KAZAKHSTAN IN COMPARISON WITH OTHER REGIONS OF REPUBLIC.....	1130
<b>Mukanova G.K., Sadvokasova Z.T.</b> THE MAIN ASPECTS OF THE FORMATION OF KNOWLEDGE ABOUT HEALING IN CENTRAL ASIA (XIX – EARLY XX CENTURIES).....	1149
<b>Sauyrkan Ye., Kaipbayeva A.T.</b> KAZAKH REFUGEES FROM XINJIANG IN THE 1930S AND THE SOCIAL PROBLEM OF ABANDONED CHILDREN .....	1163
<b>Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch.</b> PERSONAL FILE – AS A SOURCE FOR STUDYING THE PROBLEM OF RESEARCHING KAZAKH PRISONERS OF WAR IN THE STUTTHOF CONCENTRATION CAMP (BASED ON THE EXAMPLE OF A. BELOZAROV'S PERSONAL FILE).....	1177

## ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

<b>Akymbek Ye.Sh., Kembyaeva A.K.</b> GLASSMAKING IN MEDIEVAL KAZAKHSTAN: RESULTS OF X-RAY SPECTRAL MICROANALYSIS OF GLASS FROM SOUTH AND SOUTHEAST KAZAKHSTAN.....	1190
<b>Beysegulova A., Ashimova S., Kartaeva T.</b> REGIONAL SPECIFICS OF SAFEGUARDING THE INTANGIBLE CULTURAL HERITAGE “KNOWLEDGE AND CUSTOMS RELATED TO NATURE AND THE UNIVERSE” IN THE ABAI REGION .....	1202
<b>Sapatayev S., Kuralova Z.</b> TRADITION OF BURIAL OF HORSES IN EARLY IRON AGE CEMETERIES OF KAZAKHSTAN.....	1221
<b>Sakhi Zh., Karzhaubayeva A.</b> THE ROLE OF HISTORIC RESIDENTIAL BUILDINGS IN PRESERVING THE URBAN CULTURAL LANDSCAPE OF ALMATY .....	1235



**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**

2025. 12 (4)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй